

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Жезқазған қ.

« 01 » 09 2023 ж.

Ұлытау облысы білім басқармасының «Жезқазған жоғары политехникалық колледжі» КМҚК, директоры Аман Б. М. бір тараптан, Ұлытау облысы білім басқармасының «Абай атындағы мамандандырылған мектеп – интернаты» КММ, директоры Бажибаева А. С. екінші тараптан (бұдан әрі - Тараптар) білім алушылардың оқу бейінін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде оларға кәсіби бағдарды қолдау көрсету бойынша өзара ынтымақтастық туралы осы Меморандумға қол қойды:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

Тараптар мектеп оқушыларын кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыруда ынтымақтасуға міндеттенеді. Ынтымақтастық колледждің кәсіптік бағдарлау жұмысының оқу жылына бекітілген жоспарына сәйкес немесе мектептің өтінімі бойынша жүзеге асырылатын болады.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

2.1. КОЛЛЕДЖ ҚҰҚЫҒЫ БАР:

2.1.1. Сыныптардағы оқушыларды оқыту сапасын арттыруға бағытталған ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік және консультациялық қызметті жүзеге асыруға.

2.1.2. Орта кәсіптік білім беру мекемелеріне сынып оқушыларын тыңдаушылар ретінде қабылдауға.

2.1.3. Сыныптарда білім беру процесінің жұмыс істеуі мен жүзеге асырылуына қатысты

мектептің педагогикалық, әдістемелік және қамқоршылық кеңестерінің жұмысына қатысуға.

2.1.4. Оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базаларды (кітапхана, видеотека, медиотека, зертханалар, спорт ғимараттары) өз сыныптарына оқу, практикалық сабақтарды өткізуге, сондай-ақ олардың өндірістік практикадан өтуі үшін ұсыным.

2.1.5. Кәсіптік бағдар беру жұмысы шеңберінде сынып оқушыларымен сауалнама, тестілеу жүргізу, оларды колледж іс-шараларына қатысуға тартуға.

2.2. МЕКТЕП МІНДЕТТЕЛЕДІ:

2.2.1. Оқу үрдісінде колледждің әдістері мен технологияларын қолдануға.

2.2.2. Сыныптардың қызметіне қатысты бөлігінде колледждің педагогикалық және әдістемелік жұмыстарының жұмысына қатысуға.

2.2.3. Сыныптарда сапалы білім беру процесін жүзеге асыру үшін колледждің оқу әдістемелік, материалдық-техникалық базасын, кадрлық әлеуетін пайдалануға.

2.2.4. Білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуын олардың базистік оқу жоспарының пәндерімен интеграциясы бөлігінде жетілдіруге.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

3.1. Осы Шарт әрбір тарап үшін бір-бірден 2 данада жасалды және қол қойылды. Барлық даналардың бірдей заңды күші бар.

3.2. Осы Шарт бойынша барлық даулы мәселелер мен келіспеушіліктер Тараптардың қажетті шаралар қабылдауы және келіссөздер жүргізуі арқылы шешіледі.

3.3. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

3.4. Осы Шартпен реттелмеген бірлескен қызметтің қалған барлық мәселелері бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

4. ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

4.1. Тараптардың өзара іс-қимылы өтеусіз сипатқа ие.

5. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

5.1. Келісім-шарт _____ бастап күшіне енеді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН-ЖАЙЛАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Ұлытау облысы білім басқармасының
«Жезқазған жоғары политехникалық
колледжі» КМҚК

100600, Қазақстан Республикасы,

Ұлытау облысы, Жезқазған қ.,

Байқоңыров көшесі, 19 ғ.,

Тел: 8 (7102) 76-19-23, 90-35-14

e-mail: jczatkk@mail.ru

Колледж директоры



М.О.

Аман Б.М.

Ұлытау облысы білім басқармасының
«Абай атындағы мамандандырылған
мектеп – интернаты» КММ

100600, Қазақстан Республикасы,

Ұлытау облысы, Жезқазған қ.,

Алашахана даңғылы, 43Д

Тел: 8(7102) 776160

e-mail: orkenschool@mail.ru

Мектеп директоры

М.О.

Бажибаева А. С.